

Тест спецификациясы

1. Тақырыбы: «География» блогы бойынша педагог қызметкерлерге арналған тест.

2. Құрастырылу мақсаты: Тест бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлерді аттестаттау барысында Ұлттық біліктілік тестілеуді өткізу мақсатында құрастырылған.

3. Міндеті: Педагог қызметкерлердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

4. Тест мазмұны: Тест үш блоктан тұрады.

Б1 бөлігі - бір дұрыс жауабы бар (1/5) 50 тапсырма.

Б2 бөлігі - бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар (б/б) 10 тапсырма.

Б3 бөлігі - екі мәнмәтінге бір дұрыс жауабы бар 10 тапсырма.

Тестке негізгі бөлімдердің материалдары енгізілді.

Тест тапсырмалары 3 күрделілік деңгейінен тұрады.

Бірінші деңгей (А) - 18 тапсырма.

Екінші деңгей (В) - 42 тапсырма.

Үшінші деңгей (С) - 10 тапсырма.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Күрделілік деңгейі	Тапсырма формасы	Тапсырма саны
1	Физикалық география. План және карта	1	Физикалық географияның оқыту салалары. Жер - Күн жүйесінің ғаламшары. Жергілікті жердің планы. Географиялық карта.	В	1/5	6
2	Географиялық қабық.	1	Табиғат кешендерінің өзара байланысы.	А	1/5	5
3	Материктер мен мұхиттар географиясы. Жер табиғатының басты ерекшеліктері және географиялық қабық заңдылықтары	1	Жер бедері және литосфера. Жер климаты мен атмосфера. Дүниежүзілік мұхит-гидросфераның басты бөлігі. Мұхиттарға физгеографиялық сипаттама. Географиялық заңдылықтар.	С	б/б	2
4	Материктер мен мұхиттар.	1	Еуразия. Солтүстік Америка. Оңтүстік Америка. Африка. Аустралия мен Мұхиттық аралдар. Антарктида.	В	1/5	6
5	Қазақстанның физикалық географиясы Қазақстан табиғатына жалпы шолу	1	Қазақстанның географиялық орны. Қазақстан аумағының зерттелу тарихы. Жер бедері және геологиялық құрылысы. Пайдалы қазбалары. Қазақстанның климаты. Ішкі сулары. Қазақстанның топырағы.	В	1/5	6
6	Қазақстанның табиғат кешендері	1	Қазақстанның табиғат зоналары және ірі табиғи аудандары.	В	б/б	2
7	Табиғатты қорғау	1	Қорықтар, ұлттық саябақтар,	А	1/5	4

	және пайдалану		табиғи мұра объектілері.			
8	Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясына жалпы шолу	1	Қазақстанның экономикалық-географиялық орны. Халқы және еңбек ресурстары Қазақстанның дүниежүзі картасындағы геосаяси орны.	А	1/5	5
9	Қазақстанның халық шаруашылығы	1	Қазақстанның шаруашылығына жалпы сипаттама. Отын-энергетика кешені. Металлургия кешені. Машина жасау. Химия өнеркәсібі және құрылыс материалдары өнеркәсібі. Ауыл шаруашылығы және оның шикізатын өңдейтін салалар. Көлік және коммуникация кешені.	В	б/б	2
10	Қазақстанның экономикалық аудандары	1	Қазақстанның экономикалық аудандары.	В	1/5	6
11	Дүние жүзінің жалпы сипаттамасы Дүние жүзілік шаруашылық және халықаралық экономикалық қатынастар	1	Дүние жүзінің саяси картасы. Табиғат ресурстары. Дүние жүзінің халқы. Дүние жүзілік шаруашылықтың жалпы сипаттамасы. Дүние жүзінің өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы. Көлік және байланыс географиясы. Халықаралық экономикалық қатынастар.	С	1/5	3
12	Америка елдері.	1	Американың қоныстану және игерілу кезеңдері. Америка елдерін топтастыру. Америка Құрама Штаттары. АҚШ-тың экономикалық-географиялық жағдайы. Мемлекет тарихы. Табиғат жағдайлары мен ресурстары. Халқы Шаруашылығы. Экономикалық аудандары. Туристік объектілері. Сыртқы экономикалық байланыстары.	С	1/5	3
13	Африка елдері.	1	Африкадағы дамушы елдер. Саяси картасының қалыптасуы және қазіргі геосаяси жағдайы. Табиғат жағдайлары мен ресурстары. Табиғат қорғау Халқы. Шаруашылығы. Сыртқы байланыстары мен ішкі	В	б/б	2

			айырмашылықтары.			
14	Еуропа елдері. ТМД елдері. Азия елдері.	1	Еуропаның жоғары дамыған елдері. Батыс Еуропаның шағын капиталистік елдері. Шығыс Еуропа елдері. Ресей Федерациясы. Беларусь Республикасы. Украина. Молдова Республикасы Кавказ елдері. Азия елдеріне жалпы шолу Орта Азия елдері. Жапония. Қытай. Үндістан Аймақтар бойынша шолу. Жаңа индустриалды елдер (ЖИЕ), мұнай экспорттаушы елдер.	В	1/5	6
15	Аустралия және Мұхиттық аралдар. Дүниежүзінің ғаламдық проблемалары.	1	Аустралия және мұхит аралдарының қоныстануы мен игерілуі Аустралия Одағы. Адамзаттың ғаламдық проблемалары шешу жолдары.	В	б/б	2
16	Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б)		География (2 мәтінге 10 тапсырма)	А,А,В,В, С	1/5	10
Тестінің бір нұсқасында тапсырмалар саны						70

5. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы: Қоршаған орта туралы білімдері; Әлемнің жалпы экономикалық сипаттамасы; Жер бетіндегі адамзат және табиғат туралы мәлімет; Географияның ғылым ретінде дамуы; Қазақстан - әлемдік нарықта; Адамзаттың ғаламдық проблемалары; Қазіргі дүниежүзілік шаруашылық.

6. Тапсырмалар орындалуының орташа уақыты:

Тестінің бір тапсырмасын орындап шығуға белгіленген уақыт – 2 минут.

Тестінің толық орындалу уақыты – 140 минут.

7. Нұсқалар мен тапсырмалар саны:

Тест нұсқаларының баламалылығы:

- тестілердің спецификацияға сай құрылуымен;
- өзара ауыстыруға келетін тапсырмалардың әр түрлі нұсқаларда бір орында келуімен;
- барлық нұсқаларда күрделілік деңгейінің бірдей болып келуімен жүзеге асырылады.

Бір тестіде - 70 тапсырма.

8. Бағалау.

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін - 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін - 2 балл,

- жіберілген бір қате үшін - 1 балл,

- екі және одан көп қате жауап үшін – 0 балл беріледі.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».
2. Ә.Бірмағамбетов, К.Мамырова. Атамұра 2015
3. 7 сынып Алматы «Атамұра» 2012 ж
4. Физическая география Казахстана 8 класс Ә.Бейсенова, Қ.Карпеков 4-изд Алматы Атамұра, 2016 г.
5. Е. Ахметов, экономикалық географиясы, Алматы «Мектеп» 2013 ж.
6. География. Усиков В. және т.б. 9-сынып. – Алматы: «Атамұра», 2013.
7. Ә.Бейсенова, К.Каймульдинова, С.Әбілмәжінова Мектеп, 2010
8. Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы. Е.Ахметов, Н.Кәрменова, Ш.Кәрібаева, Б.Асубаев. Мектеп 2013
9. Қазақстанның физикалық географиясы, 8 сынып, Ә. Бейсенова, Қ. Кәрпеков, Алматы, «Атамұра», 2012
10. Карпеков Қ., Айтақынова Ш. «Арман-ПВ» 2013
11. География Дүниежүзіне жалпы шолу. ТМД елдері, 10 сынып, Ә.Бейсенова, К.Каймульдинова, С. Әбілмәжінова, Қ. Баймырзаева, Ж. Достай 2014 ж.
12. Д/Ж жалпы шолу-2007ж.